

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 12 мамырда № 11024 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 73/ке бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 24.09.2018 № 73/ке (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже 16-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫГРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті туралы Ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 1999 жылғы 16 қыркүйектегі № 117 бұйрығы жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті заңнамамен белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде аталған бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден;

4) Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Заң департаментіне осы тармақтың 1)

, 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны жөнінде мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Комитет Төрағасы

Н. Әбіқаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 27 бұйрығымен бекітілді

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының зандарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының езге де нормативтік құқықтық актілері мен бұйрықтарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлғасы болып табылады, оның нақты және шартты атаулары, мөрлөрі мен мөртабандары, есепшоттары, негізгі қорлары, әлеуметтік-мәдени және медициналық мақсаттағы объектілері бар.

4. Департаменттің құрылымын, штаттық санын белгіленген тәртіpte Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы бекітеді.

5. Департамент оның құрылымын құрайтын басқармалардан, бөлімдерден, бөлімшелерден тұрады. Оның құрамына мынадай онашаланған құрылымдық бөлімшелер кіреді:

1) Арыс қаласы және темір жол стансасы бойынша бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Арыс қаласы, Ақдала, Байырқұм, Дермене, Жиделі, Монтайтас, Қожатоғай ауылдық округтері, Бәйдібек және Ордабасы аудандары;

2) Қазығұрт аудандық бөлімшесі. Қызмет көрсету аймағы – Қазығұрт ауданы;

3) Кентау қалалық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Кентау қаласы, Аңысай, Хантағы, Байылдыр, Қарнақ ауылдық округтері;

4) Мактаарал аудандық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Мактаарал ауданы;

5) Сайрам аудандық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Сайрам ауданы;

6) Сарыағаш аудандық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Сарыағаш ауданы;

7) Созак аудандық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Созак ауданы.

8) Төлеби аудандық бөлімшесі. Қызмет көрсету аймағы – Төлеби ауданы.

9) Түркістан аудандық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Түркістан қаласы, Бабай-Корған, Жаңа Иқан, Жібек Жолы, Жүйнек, Ескі Иқан, Қарашиқ, Орангай, Уш-Қайық, Сауран, Шаға, Шорнақ, Яссы ауылдық округтері, Отырар ауданы;

10) Тұлкібас аудандық бөлімшесі. Қызмет көрсету аймағы – Тұлкібас ауданы.

11) Шардара аудандық бөлімшесі. Қызмет көрсету аймағы – Шардара ауданы.

6. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес қатысады.

7. Егер Департаментке заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапына қатысуға құқығы бар.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 160000, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Қазыбек би көшесі, 36.

9. Департамент қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

10. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Департаменттің функциясына кіретін міндеттерді орындау тұрғысында Департаментке оны орындау үшін кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заң актілері бойынша табыс алып келетін іспен айналысуға құқық берілген болса, онда, ол істен келіп түскен табыс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Департаменттің негізгі мақсаттары

13. Департаменттің Оңтүстік Қазақстан облысы шегіндегі негізгі мақсаттары:

1) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) "Сыртқы барлау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мұддесі үшін барлау ақпаратын табу;

3) қарсы барлау қызметін жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қүштеп езгертуге, тұтастығын бұзуға және қауіпсіздігін әлсіретуге бағытталған террористік және өзге де іс-әрекеттерді анықтау, алдын алу және жолын кесу;

5) облыс аумағында терроризм мен экстремизмге қарсы қарес іс-саласындағы қызметті үйлестіруге қатысу;

6) заңнамамен ұлттық қауіпсіздік органдарының құзырына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

7) қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметі субъектілерінің тапсырмалары бойынша қарсы барлау, арнайы жедел-іздестіру іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу;

8) қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметі субъектілерінің тапсырмалары бойынша қарсы барлау, арнайы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуі қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;

9) жасырын тергеу әрекеттерін заңнамамен белгіленген тәртіpte ұйымдастыру және өткізу;

10) жасырын тергеу әрекеттерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;

11) Қазақстан Республикасы заңдарымен, Президентінің және Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының актілерімен анықталатын өзге де мақсаттар болып табылады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 06.10.2017 № 91/ке бүйрүғымен.

3. Департаменттің негізгі функциялары, міндеттері мен құқықтары

14. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte және өз құзыretі шегінде Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік (салалық) бағдарламаларды іске асыруға қатысады;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті басшыларының рұқсатымен және өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес халықаралық, мемлекетаралық және өзге де ұйымдардың жұмысына қатысады, ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыretіне жататын қызмет саласында шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен, құқық қорғау органдарымен, шет мемлекеттердің үкіметтік және арнаулы байланыс

органдарымен, халықаралық қауіпсіздік құрылымымен және құқық қорғау үйімдарымен өзара іс-қимылды және халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

4) Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы шешімдерді қабылдау үшін қажетті ақпаратпен мемлекеттік органдарды қамтамасыз етеді;

5) Алып тасталды - КР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 06.10.2017 № 91/ке бүйрыймен.

6) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру қызметін үйімдастырады және қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын құштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға және қауіпсіздігін әлсіретуге бағытталған терроризмге, экстремизмге және өзге де іс-әрекеттерге қарсы күрес бойынша шараларды әзірлейді және іске асырады, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады, осы салалардағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Облыс аумағында терроризмге қарсы операцияларды өткізу үйімдастырады;

8) терористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғау деңгейін арттыруға террористік қауіп-қатердің сипаты мен өзіндік ерекшелігі туралы олардың басшыларына ақпарат беру, терроризмге қарсы іс-қимыл және терроризмге қарсы қорғау бойынша ұсынымдар әзірлеу, террористік тұрғыдан осал объектілерде терроризмге қарсы практикалық оқу-жаттығулар өткізу арқылы ықпал етеді;

9) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қауіпсіздік және террористік қауіп-қатерлерді бейтараптандыруға дайындық жүйесін жетілдіру бойынша шаралар кешенін іске асыруына бақылау жасауды жүзеге асырады;

10) азаматтарды әскери қызметке шақыру мерзімінде шақыру комиссиясының жұмысына қатысады;

11) Қазақстан Республикасы жергілікті әскери орган басқармалары ұсынған жиынтық деректердің негізінде Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне қажетті шақырылуши контингентке мониторинг пен іріктеуді жүзеге асырады;

12) іргелес жатқан мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын жаппай өту, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын құшпен өзгерту әрекеттері, терроризм актілері, Қазақстан Республикасының Конституациясын бұза отырып, билікті құшпен басып алу немесе билікті құштеп ұстау әрекеттері, диверсия, қарулы көтеріліс салдарынан туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды анықтайды, ескертеді және жолын кеседі, сондай-ақ, "Төтенше жағдай туралы" 2003 жылғы 8

ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған өзге де іс-қимылдарды жүзеге асырады;

13) заннамамен белгіленген тәртіpte қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастырады және тікелей жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына, Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына қоғамдық қауіпсіздікті, занылықты, құқықтық тәртіпті, елдің қорғаныс қабілеттілігін қамтамасыз етуге, өзге де алға қойылған міндеттерді шешуге көмек көрсетеді;

14-1) Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерін ілгерілетуде мемлекеттік органдар мен ұйымдарға көмек көрсетеді;

15) уәкілетті органдармен бірлесіп қарсыласын барлау-бұлдіру акциясын жүргізуі үшін жағдай жасайтын сыртқы және ішкі факторларды жою және бейтараптандыру бойынша, оның ішінде трансұлттық қылмыстық қоғамдастыққа, зансыз көші-қонға, қару-жарактардың, оқ-дәрілердің, жарылғыш және уландырғыш заттардың, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдар мен электрондық құрылғылардың зансыз айналымына қарсы іс-қимыл бойынша шаралар әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;

16) Қазақстан Республикасының мұддесіне өз құзыреті шегінде барлау қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

17) ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

18) мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қарсы барлаулық қорғау бойынша шараларды әзірлейді және жүзеге асырады, сондай-ақ олардың аталған саладағы қызметін бақылайды;

19) Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсатты ресімдеуге (қайта ресімдеуге), сондай-ақ ұйымдарға мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға байланысты қызметке рұқсат беруге арнайы тексеру жүргізумен, мемлекеттік құпияларды қорғау құралдарын жасаумен, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша іс-шараларды жүргізумен және (немесе) қызмет көрсетулермен байланысты шараларды іске асырады;

20) Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы шет мемлекеттер өкілдіктерінің және халықаралық ұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша басқа құзыретті органдармен өзара іс-қимылда шаралар қолданады;

21) мемлекеттік қызметке кіретін (онда жұмыс істейтін) Қазақстан Республикасының азаматтарына заңнамада белгіленген тәртіпте және шекте міндettі арнайы тексеруді үйымдастырады;

21-1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жұмысқа тартылатын шетелдіктерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және шекте міндettі арнайы тексеру жүргізеді;

22) техникалық барлауға қарсы іс-қимыл бойынша қызметті жүзеге асырады;

23) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары өткізетін қарсы барлау, жедел-іздестіру іс-шаралары мен тергеу іс-қимылдарын техникалық қамтамасыз етуді үйымдастырады;

23-1) ақпараттарды, коммуникацияларды және киберкеңістіктегі мемлекеттің инфрақұрылым стратегиялық объектілерін киберқорғау бойынша іс-шараларды жүргізеді;

23-2) қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын барлық органдардың міндettterін шешу мүддесінде байланыс желісін қолданумен байланысты қарсы барлау, арнайы жедел-іздестіру іс-шараларын техникалық түрғыдан жүзеге асырады;

24) Алып тасталды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 06.10.2017 № 91/ке бұйрығымен.

25) Алып тасталды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 06.10.2017 № 91/ке бұйрығымен.

26) радиоэлектрондық және радиотехникалық барлауды Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады;

27) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда құпиялыштық режимін қамтамасыз ету бойынша жұмысты үйлестіреді және бақылайды;

28) мемлекеттік құпияларды қорғау саласында әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық айыптар бойынша сот алдында өндірісті үйымдастырады және тікелей жүзеге асырады;

29) мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша нормативтік және әдістемелік актілерді әзірлеу мен орындау мақсатында мемлекеттік құпияларды қорғау органдарының қызметін үйлестіреді және бақылайды;

30) мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша облыс аумағында құқықтық, әкімшілік, экономикалық, техникалық, бағдарламалық және криптографиялық шаралар жүйесінің орындалуын бақылайды;

31) жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне залал келтіретін желілерді және байланыс құралдарын қылмыстық мақсатта пайдалануды анықтауды және жолын кесуді қамтамасыз етеді;

32) Алып тасталды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 06.10.2017 № 91/ке бұйрығымен.

33) Департамент қызметкерлері мен жұмыскерлерін, сондай-ақ құпия көмекшілерді қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

34) қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қорғалуға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

35) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерін, мекеменің ведомстоволық қатыстылығын, жайлар мен көлік құралдарын шифрлау бойынша шараларды жүзеге асырады;

36) Департаменттің қызметкерлері мен жұмыскерлерін жауынгерлік, техникалық, материалдық, қаржылық, ғылыми, ақпараттық, құқықтық, әлеуметтік-тұрмыстық, әскери-медициналық (медициналық) және басқа да тұрлерімен қамтамасыз етілуін, оның ішінде ғимараттар мен курделі құрылыштарды салуды және қайта салуды, жөндеуді, тұргын үй салуды, жөндеуді ұйымдастырады;

37) ұлттық қауіпсіздік органдары құзыретінің шегінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдауды және қарауды жүзеге асырады;

38) Департаментте мұрағаттық істі ұйымдастыру тәртібін қамтамасыз етеді және осы мақсатта ақпараттық жүйелерді қолданады;

39) жедел-қызметтік іс-қимылды қамтамасыз ету шенберінде психологиялық-әлеуметтанулық және психофизиологиялық зерттеулерді жүргізеді;

39-1) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарында полиграфологиялық зерттеулер жүргізеді және ақпараттық жүйедегі нәтижелерді есепке алуды жүзеге асырады;

40) әскери-дәрігерлік сараптама, оның ішінде ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет етуге деңсаулық жағдайы бойынша жарамдылығын, азаматтардың ауыруларының, мертігулерінің (жараланулардың, жарақаттанулардың, контузия алудың) немесе қайтыс болуының ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет өткеруіне (міндептерін орындау) байланыстылығын анықтау үшін психофизиологиялық куәландыру, сондай-ақ есірткіге қатысты тест жүргізеді;

41) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайды және әкімшілік жаза қолданады;

42) ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қозғайтын оқиғалар мен фактілер туралы ақпаратты уақытылы алу мақсатында мүдделі мемлекеттік органдардың кезекші қызметтерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

43) ғимараттарды, объектілерді күзетуді, сондай-ақ өткізу және ішкі объектілік режимді қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

44) Департаментте құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді;

45) Департаментте мемлекеттік тілді дамыту мен қолдану аясын кеңейту бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және жүргізеді;

46) Қазақстан Республикасы заңдарымен, Президентінің және Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының актілерімен оның құзырына жатқызылған өзге де функцияларды орындайды

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 06.10.2017 № 91/ке бұйрығымен.

15. Департамент өз құзыреті шегінде:

1) заңнамамен белгіленген тәртіpte және шектерінде Қазақстан Республикасының азаматтарына міндетті арнайы тексеруді жүргізуге;

2) жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шараларды жүзеге асыруға;

3) Департамент жеке құрамының жұмылдыру дайындығын қамтамасыз етуге;

4) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының аумағындағы заңсыз әскериленген жасақтардың іс-әрекетіне, саяси партиялар мен өзге мемлекеттердің кәсіптік бірлестіктеріне, діни негіздегі партияларға, сондай-ақ, саяси партиялар мен кәсіптік бірлестіктерге шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың және шетел мемлекеттері мен халықаралық ұйымдарының қаржыландыруына тосқауыл қоюға және ескертуде көмек көрсетуге;

5) қорғаныс-өнеркәсіптік кешені, атом энергетикасы, биотехнологиялық кешені, көлік және байланыс объектілерінің, өндірлердің тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету және өзге де стратегиялық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;

6) Департаментке жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында ақпараттық-талдау жұмысын жүргізуге;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау мен Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығаруға, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелге баруына, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына келуіне және оның аумағынан тыс жерлерге кетуіне, сондай-ақ олардың Республика аумағында болу режиміне қатысты мәселелерді шешуге қатысуға;

8) облыс аумағындағы шет мемлекеттер өкілдіктерінің және халықаралық ұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша басқа құзыретті органдармен өзара іс-қимылда шаралар қолдануға;

9) шетел ел басшыларының, үкіметтерінің және халықаралық ұйым жетекшілерінің Қазақстан Республикасына келуі барысында, сондай-ақ, облыс

аумағында маңызды саяси-қоғамдық іс-шаралардың жүргізілуі барысында басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуға;

10) мемлекеттік және қызметтік құпияны құрайтын ақпараттарға рұқсат алуға құжаттарын рәсімдеп (қайта рәсімдеп) жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарына арнайы тексеруді жүргізуге;

11) Қазақстан Республикасы заңдарымен, Президентінің және Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының актілерімен оның құзырына жатқызылған өзге де міндеттерді орындауға міндettі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 06.10.2017 № 91/ке бүйрығымен

16. Департамент облыс шенберінде жүктелген міндеттерді шешу және функцияларды орындау үшін заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) заңнамамен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының құзырына жатқызылған қылмыстық құқықбұзушылықты анықтау, алдын алу, жолын кесу және ашу мақсатында жалпы және арнайы жедел іздестіру және қарсы барлау іс-шараларын, криминалистикалық, психологиялық-әлеуметтанулық және полиграфологиялық зерттеулер жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектронды хабарды жіберуші құрылғыларын қолдануда Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау заңына немесе белгіленген тәртіпті бұзуга алып келетін әрекеттердің жолын кесуге;

3) мақсаттары мен іс-қимылдары мемлекеттің қауіпсіздігін әлсіретуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуга, конституциялық құрылышты күшпен өзгертуге бағытталған шетел мемлекеттерінің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, қылмыстық топтардың ішіне енуді жүзеге асыруға;

4) барлау іс-шараларын жүргізуде, оның ішінде арнайы техникалық және радиоэлектронды құрылғыларды пайдалану арқылы ҚР сыртқы барлау субъектілерімен бірлесіп атқаруға;

5) уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп өздерінің іс-әрекеттерімен қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келулерінің жолын жабу және одан шығару туралы мәселелерді шешуге;

6) заңнамамен ұлттық қауіпсіздік органдарының құзырына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу кезінде қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен көзделген шектерде басқа органдарға міндettі түрде орындалатын тапсырма беруге;

7) азаматтарды өндірістегі материалдар бойынша Департаментке шақыруға, олардан түсініктеме, анықтама, құжаттар алуға және олардан көшірмелер түсіруге; шақыру бойынша келуден бас тартқан адамдарды мәжбүрлеп әкелуге;

8) заңнамаға сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген негізді құдік туғызған кезде азаматтардан олардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруге, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға құдік туғызған адамдарды ұстауға, құжаттарды тексеруді, ұсталғандарды және олардың көлік құралдарын жеке тексеріп қарауды, сондай-ақ олардың заттары мен құжаттарын алуды жүзеге асыруға;

9) терроризмге қарсы операцияларға қатысада және терроризмге қарсы операциялардың құқықтық режимін қамтамасыз етуде "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаралар мен уақытша шектеулерді қолдануға;

10) қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп құдік туғызған адамдардың ізін кесу мен ұстау, ұсталғандарды ұстау орындарына жеткізу, сондай-ақ оқиға болған жерге бару және шұғыл медициналық көмекті қажет ететін азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін басқа мекемлердің байланыс құралдарын, көлік құралдарын пайдалануға құқылы. Олардың иелерінің талаптары бойынша байланыс құралдары мен көлік құралдарына келтірілген нақты залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтейді;

11) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтарын ерікті түрде штаттан тыс жедел қызметкерлер ретінде тартуға;

12) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қауіп-қатерді іске асыруға себепші болатын, тергелуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұлттық қауіпсіздік органдарының құзырына берілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұсыныстарды мемлекеттік органдар мен ұйымдарға енгізуғе;

12-1) заңнамамен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының құзырына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына жағдай жасайтын іс-әрекеттерге (әрекет немесе әрекетсіздік) жол бермеу туралы орындалуы міндетті ресми алдын ала сақтандыруды жеке және заңды тұлғаларға жазбаша түрде жариялау;

13) арнайы құзетілетін ерекше режимдегі аумақтарға және өзге де объектілерге ену немесе енуге әрекет етумен байланысты құқық бұзушылық жасаған адамдарды әкімшілік қамауға алуды жүзеге асыруға құқылы. Олардың

жеке басын куәланыштарын құжаттарын тексеруге, олардан түсініктемелер алуға, оларды жеке тексеруді және тексеруді, олардың заттары мен құжаттарын алып қоюды жүзеге асыруға;

14) шарттық негізде Қарулы қүштердің, басқа да әскерилер, әскери құралымдар мен өзге де ұйымдардың қызметтік орын-жайларын, көлік және өзге де техникалық құралдарын, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың тұрғын және өзге де орын-жайларын, көлік құралдары мен өзге мүліктерін пайдалануға;

15) заңнамада белгіленген тәртіпте әскери-медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру мен әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу үшін медициналық бөлімшелерді иеленуге;

16) Департамент міндетінің бөлігін орындайтын және әділет органдарында тіркелуге жатпайтын, органның орналасқан жерінен өзге жерде орналасқан арнайы құрылымдық бөлімше иеленуге;

17) Департаментке жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының аумақтық органдарымен бірлескен актілерді шығаруға;

18) Департаментке жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан, Қарулы Күштерден, басқа да әскерлерден, әскери құралымдар мен ұйымдардан өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып алуға;

19) Департамент қызметкерлері мен жұмыскерлерін іссапарға жіберуге;

20) Департамент қызметіне қатысты мұрағаттық жедел, тергеу және басқа да материалдарды сақтау мен пайдалануды жүзеге асыруға;

21) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларды зерттеп-зерделеуден өткізгеннен кейін Департамент объектілеріне қызмет көрсету бойынша жұмыстарға рұқсат беруді жүзеге асыру;

22) жеке тұлғалар Департамент объектілеріне және орын-жайларына кірген (көлікпен кірген) және шыққан (көлікпен шыққан) кезде олардың жеке басын куәланыштарын құжаттарын тексеруге, олардың өзімен алып жүретін заттарын тексеруге (кузетілетін адамдардан басқа);

23) құпиялылық режимін, мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету, Департамент бөлімшелерінде құпия және құпия емес іс жүргізуді ұйымдастыру мен жүргізу, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімін сақтау бойынша жұмыс жағдайын бақылауды жүзеге асыру, тексеруді ұйымдастыру;

24) Департамент қызметкерлерінің жеке басын, олардың бөлімшелерінің, үй-жайлары мен көлік құралдарының ведомствоның тиесілігін немесе ұлттық

қауіпсіздік органдарына құпиялылық негізде жәрдем көрсететін азаматтардың жеке басын шифрлау мақсатында басқа мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың құжаттарын пайдалануға;

25) жедел-техникалық іс-шараларды жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға және тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына жатқызу түрғысынан техникалық зерттеулер жүргізуге, олар бойынша тиісті қорытындылар беруге;

26) арнайы техникалық құралдарды және ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әкелуге немесе әкетуге қорытындылар (рұқсат беретін құжаттар) беру, криптографиялық функциялары бар тауарлардың сипаттамалары туралы нотификацияларды тіркеу, олар бойынша тиісті рұқсаттарды беру және нотификациялар тіркеу туралы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға;

27) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдардың импортына және экспорттына лицензияларды келісуді жүзеге асыруға;

28) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерінің арнайы және дене дайындығын ұйымдастыру үшін, сондай-ақ әр деңгейдегі спорт шараларын өткізуге, спорт ғимараттарын жалға алуға, иеленуге;

29) белгіленген тәртіpte қару-жарактарды, оқ-дәрілерді, арнайы қорғау мен қорғаныс құралдарын жабдықталған орында сақтауға;

30) Қазақстан Республикасы заңдарымен, Президентінің актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 06.10.2017 № 91/кे бүйрекімен.

4. Департамент қызметін ұйымдастыру

17. Департаментті Қазақстан Республикасы Президентінің немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасы тағайындастын бастық басқарады.

18. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Департамент бастығының орынбасары (орынбасарлары) болады.

19. Департамент бастығы Департамент қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуын және өз функциясын жүзеге асыру үшін дербес жауапты болады.

20. Департамент бастығы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшылығына Департаменттің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар береді.

21. Бұл мақсатта:

1) өзінің орынбасары болған жағдайда (орынбасарлары), олардың міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Департамент құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелер басшыларының өкілеттіктерін айқындайды;

3) Департаменттің қызметкерлері мен жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқауларын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және құқықтық актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Департамент бастығының орынбасары (орынбасарлары):

1) өз өкілеттіктері шеңберінде Департамент қызметін үйлестіреді;

2) Департамент бастығы болмаған кезде Департамент қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуын және өз функциясын жүзеге асыру үшін дербес жауапты болады;

3) Департамент бастығы жүктеген өзге де функциаларды жүзеге асырады.

23. Қойылған қарсы барлау, барлау міндеттерін табысты шешу үшін қажетті және жеткілікті жағдайларды жасау, қолдау және дамыту жөніндегі басқарушылық шешімдерді өзірлеу және іске асыру мақсатында Департаментте консультативтік-кенесші орган – Кенес құрылады. Кенес қызметін ұйымдастыру белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

24. Департамент құзыretіне кіретін мәселелер бойынша Департамент атынан жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басқа бөлімшелеріне жіберілетін құжаттарға Департамент бастығы, ал ол болмаған жағдайда оның орнын басатын адам немесе адресаттың мәртебесіне сәйкес оның орынбасарлары қол қояды.

5. Департамент мүлігі

25. Департамент жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлікке ие.

Департаменттің мүлігі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзінің ісі мен өзге де көздер арқылы (қаржы табыстарын қоса отырып) жинақтау нәтижесінде сатып алған мүліктер есебінен қалыптастырылады.

26. Департаментке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

27. Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржы жоспары бойынша берілген қаражатқа сатып алған мүлікті өз бетінше иеліктен айыруға немесе

өзге де тәсілдермен иелік етуге құқылы емес, егер заңнамада өзгелей белгіленбесе.

6. Департаментті қайта құру және тарату

28. Департаментті қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК